

## Еңбекшіқазақ ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын анықтау және бекіту туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 мамырдағы № 789 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 18 мамырда № 6003-05 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабы 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Еңбекшіқазақ ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары анықталсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Еңбекшіқазақ ауданының әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Н. Серғали*

Еңбекшіқазақ ауданының әкімдігінің 2  
023 жылғы 15 мамырдағы № 789 қаулы  
сына қосымша

## Еңбекшіқазақ ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Сауда орындарының орналасу орындары	Алатын алаңы (шаршы метр м <sup>2</sup> )	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі (жыл)	Қызмет саласы	Жақын орналасқан инфрақұрылым (ұқсас тауарлар ассортименті сатылатын сауда объектілері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілері)

"Жаңаталап"

1

Алматы облысы,  
Еңбекшіқазақ  
ауданы, Түрген  
ауылы,  
Құлманбет  
көшесі № 57 "А"  
"Жаңаталап"  
кафесінің  
жанында

700

2

а у ы л  
шаруашылық  
өнімдері

					кафесінің жанында
2	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйтерек ауылы, Әлмерек Абыз көшесі № 30, " Тұран" әмбебап базары	600	2	а у ы л шаруашылық өнімдері	"Нұр" дүкені, " Береке" дүкенінің жанында
3	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Балтабай ауылы, Қонаев көшесі № 122, "Будан" ЖШС-нің гаражына қарама-қарсы	400	2	а у ы л шаруашылық өнімдері	Мал базарының жанында
4	Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қаратұрық ауылы, Жібек Жолы көшесі № 102 "А", " Светлана" дүкенінің жанында	500	2	а у ы л шаруашылық өнімдері	"Светлана" дүкенінің жанында